

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1152 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Michael Wilson & Partners Ltd" компаниясы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Rumeli Telekom A.S." және "Telsim Mobil Telekomunikasyon Hizmetleri A.S." компанияларымен төрелік сот талқылауында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен: 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 3, 4-тармақтарының орындалуын; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*

*Премьер-Министрі*